

Алматы қаласының жекеленген аумақтарына көлік құралдарының кіруін шектеу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 08 сәуірдегі № 2/122 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 сәуірде № 1278 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі "Жол жүрісі туралы" Заңының 17 бабы 2 тармағының 8) тармақшасына сәйкес және көлік жүктемесін және қоршаған ортаға антропогендік ықпалын төмендету мақсатында, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Электр қозғалтқышындағы көлік құралдарынан (электромобильдерден), сондай-ақ коммуналдық, жедел және шұғыл қызметтердің арнайы техникасы мен көлік құралдарынан басқа, "Шымбұлак" шатқалының ерекше қорғалатын табиғи аймағына көлік құралдарының кіруін шектеу.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы әкімдігінің 06.03.2023 № 1/167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-1. 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін осы аумақта қызметін жүзеге асыратын занды тұлғаларға тиесілі және (немесе) қызмет көрсететін көлік құралдары "Шымбұлак" шатқалының ерекше қорғалатын табиғи аймағына кіруге шектелуге жатпайды.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - Алматы қаласы әкімдігінің 06.03.2023 № 1/167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Алматы қаласының Ішкі істер департаменті, "Медеу" мемлекеттік өнірлік табиғат паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтузбелік он күн ішінде оны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Алматы қаласының аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдауды;
- 3) осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е. Әукеновке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап құшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі Б. Байбек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК